# Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 05 мамырдағы № 253 бұйрығы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1 бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі тіркеген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі бұйрықтарының күші жойылған деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Р.Ө. Әдимолда) осы бұйрықтың көшірмесін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне бір апталық мерзімде жіберсін.

3. Осы бұйрық қол қойған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр Б. Камалиев*

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 5 мамырдағы № 253 бұйрығымен бекітілген

## Күші жойылды деп танылған Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі бұйрықтарының Тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайларында авиажолаушыларға қызмет көрсетуді ұйымдастыруға қатысты нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2000 жылғы 9 қазандағы № 409-1 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1277 болып тіркелген).

2. "Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайларында авиажолаушыларға қызмет көрсетуді ұйымдастыруға қатысты нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Көлік және коммуникациялар министрінің 2000 жылғы 9 қазандағы № 409-1 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 7 тамыздағы № 246-1 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2460 болып

тіркелген).

3. "Қазақстан Республикасы Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары және мамандары лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылғы 22 маусымдағы № 113 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2009 жылғы 7 шілдедегі № 313 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5724 болып тіркелген).

4. "Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің басшылар және мамандар лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2002 жылғы 24 қазандағы N 759 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2050 болып тіркелген).

5. "Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметтерді сертификаттық тексерудің үлгі бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 4 маусымдағы № 252 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2360 болып тіркелген).

6. "Пайдаланушы сертификатын алу, Пайдаланушы сертификатын пайдалану жөніндегі арнайы ережелерге өзгеріс енгізу үшін өтінімге қоса берілетін құжаттар тізбесін және Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттық тексерудің үлгілік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылғы 17 мамырдағы N 91 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2891 болып тіркелген).

7. "Пайдаланушы сертификатын алу, Пайдаланушы сертификатын пайдалану жөніндегі арнайы ережелерге өзгеріс енгізу үшін өтінімге қоса берілетін құжаттар тізбесін және Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттық тексерудің үлгілік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылдың 17 мамырындағы № 91 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2005 жылғы 7 ақпандағы № 22 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3466 болып тіркелген).

8. "Қазақстан Республикасы Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары және мамандары лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылғы 22 маусымдағы № 113 бұйрығы (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2948 болып тіркелген).

9. "Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясындағы қызмет көрсетуші құрамының (бортсеріктердің) жұмысын ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті Төрағасының м.а. 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 253 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3279 болып тіркелген).

10. "Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға қойылатын сертификаттық талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2005 жылғы 22 маусымдағы № 127 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3743 болып тіркелген).

11. "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы Ан-2 әуе кемелерінің жөндеу аралық ресурс шегінде жұмыс істеу мерзімін ұзарту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2005 жылғы 30 карашадағы № 272 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3975 болып тіркелген).

12. "Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің басшылары мен мамандары лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2002 жылғы 24 қазандағы N 759 бұйрығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті Төрағасының 2006 жылғы 14 қаңтардағы № 3-ҚБПҮ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4092 болып тіркелген).

13. "Қазақстан Республикасы Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары және мамандары лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылғы 22 маусымдағы № 113 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2006 жылғы 13 қыркүйектегі № 204 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4428 болып тіркелген).

14. "Қазақстан Республикасы Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары және мамандары лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылғы 22 маусымдағы № 113 бұйрығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация

министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2007 жылғы 4 шілдедегі № 134 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4822 болып тіркелген).

15. "Азаматтық әуе кемелерінде тасымалдауға жолаушыларға тыйым салынған қауіпті заттар мен нәрселердің, сондай-ақ есірткінің барлық түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2007 жылғы 12 ақпандағы № 17 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4620 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК